



БҰЙРЫҚ
2023 жылғы 09 қазан
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 196 к/к
город Астана

**Орта білім беру ұйымдарында
2023 – 2024 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 09 қазандағы №2098 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 - 2024 оқу жылының басталуы **1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр** болып белгіленді.
 - оқу жылының ұзақтығы– 34 оқу аптасы,
2. оқу жылы ішіндегі демалыс кезеңдері:
 - күзгі демалыс – 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қараша қоса алғанда),
 - қысқы демалыс – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар қоса алғанда),
 - көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз қоса алғанда);
 - 1-сыныптарда қосымша демалыс – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).
3. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9(10)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;
 - 11(12)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары- 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.
4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9(10)-сынып оқушылары үшін:
 - 1) Ана тілі(оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс -2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс тілінде оқылатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқылатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, шет тілі...)-2024 жылғы 10 маусым;

- 11(12)- сыныптар оқушылары үшін:

1) Ана тілі(оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр;

2) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -2024 жылғы 4 маусым;

3) орыс тілінде оқылатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқылатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 7 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, шет тілі...)-2024 жылғы 11 маусым.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Жакенова және директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Т.Алниязовқа жүктелсін.

Мектеп директоры



Л.Култаева